

Табиғи сипаттағы төтенше жағдай жариялау туралы

Шығыс Қазақстан облысы Зырян ауданы әкімінің 2018 жылғы 31 наурыздағы № 2 шешімі. Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2018 жылғы 3 сәуірде № 5587 болып тіркелді

ҚР НҚА электрондық түрдегі эталондық бақылау банкі,
03.04.2018 ж.

РҚАО-ның ескертпесі.

Құжаттың мәтінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 33-бабы 1-тармағының 13) тармақшасына, "Азаматтық қорғау туралы" Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 11 сәуірдегі Заңының 48-бабына және 50-бабы 2-тармағының 2) тармақшасына, "Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың сыныптамасын белгілеу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 2 шілдедегі № 756 қаулысына сәйкес, Шығыс Қазақстан облысы Зырян ауданының төтенше жағдайларының алдын алу және жою жөніндегі комиссиясының 2018 жылғы 30 наурыздағы хаттамасы негізінде, Зырян ауданының әкімі ШЕШТІ:

1. Зырян ауданының аумағында жергілікті ауқымдағы табиғи сипаттағы төтенше жағдай жариялансын.

2. Табиғи сипаттағы төтенше жағдайларды жою басшысы болып Зырян ауданы әкімінің орынбасары Асхат Кенжебекович Букатов тағайындалсын және осы шешімнен туындайтын тиісті іс-шараларды жүргізу тапсырылсын.

3. Осы әкімнің орындалуын бақылау Зырян ауданы әкімінің орынбасары Асхат Кенжебекович Букатовқа жүктелсін.

4. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Зырян ауданының
әкімі*

Н. Токсеитов